



қосымша №2 (2) 6 қараша 2014 жыл, бейсенбі

Құрметті Самиха Қоңырқызы!

Сізге үлкен рахмет айта отырып, зор денсаулық, отбасыңызға береке – бірлік, тілейміз! Тәуелсіз Қазақстанымыздың көркейе беруіне алдағы уақытта өз үлесіңізді қоса беруіңізге тілектеспіз!

Арнау

Алдымызда асқар биік белсіз ғой,
Үлкен жүрек, жомарт жанды, кенсіз ғой.
Талант жасты бауырмал боп өсірген.
Бір өзіңіз көп мектепке теңсіз ғой.

Тұрақты қалыптасқан мінез-құлқы,
Сыпайы сүйсіндірген сұлу сырты.
Мейірбан ел анасын ардақтайды,
Етене елжіреген елі-жұрты.

Заманның қырағысы, көрегені,
Ысылған іскер басшы, өнегелі.
Қонырова қайда қызмет істесе де
"Көп жасап, өркені өссін" деген елі.

Игі тілекпен: ЦӘК төрайымы Тұрсынбаева Р.К.

Өзіңізге дара қонған аналық,
Басыңызға және қонған даналық.
Алыбымыз, асқарымыз, шыңымыз.
Бір өзіңе жарасқан бұл даралық.

Халқына нұрын төгіп сәуле шашқан
Ұжымның сіз басқарған бақыты асқан.
Колледждің көзі ашылып, бағы жанып,
Білікті ұстаз, білімді ұрпақ, мерейі асқан.

Игі тілекпен: ЦӘК төрайымы Жантохова Г.Н.

Арнау

Ізгілікті нұрын шашар маңайға,
Адамсыз ғой үлгі болар талайға
Жақсылықты өзіңізбен көп көрген,
Ұмытпайды туған- туыс қалайда.

Үлгі болған үлкенге де, жасқа да
Сыйлар сізді туған-туыс, басқа да.
Бақытты боп бұл өмірде мәңгілік,
Қуатыңыз таусылмасын жүз жаста да.

Игі тілекпен: ЦӘК төрайымы Айдаралиева А.Б.

О, достарым,
Аса ардақты ана бар,
Жалғыз өзі жүз анаға пара-пар.
Мейірімсіз тас жүректер болмаса,
Көп адамдар
Құрмет тұтып аналар.
Ол кісі үшін
Кім болсаңда бәрібір.
Көңілі - көл,
Пейілі - ақ,
Жаны гүл.

Өзі - жарқын, жүрегіңе тым ыстық.
Сөзі - алтын, табылмайтын дәрібір.
Халық қызы қастерленбей қалған ба,
Жете бергін қадірлі ана, арманға.
Абыройын аса түссін жыл сайын
Тілек көп қой, сіз сияқты тарланға,
Халқымыздың нағыз қара нарысың,
Көңілінен шығып отыр әр ісің.
Қорғай білер азаматсыз, анасыз
Өз елінің абыройын, намысын.

Игі тілекпен: ЦӘК төрайымы Мәдімарова А.Т.

«Айналайын тәңірден, өмір берген...»



**Қонырова Самиха
Қонырқызы**

*Жамбыл медициналық колледжі
директоры, педагогика ғылымдарының
кандидаты, денсаулық сақтау ісінің
үздігі, Тараз қаласы және Байзақ
ауданының Құрметті азаматы*



*Самиха қарындасым,
туған күніңізбен!!!*

*Сізге өлең арнаудан жалықпадым,
Міне тағы шабытым шарықтады.
Сөздердің ең асылын тергенімде,
Оңай таптым, қиналып
тарықпадым.*

*Білемін қасиетті шыққан тегің,
Жемісті бейнеттеніп сыққан
терің.
Өзгеше болуы да мүмкін емес,
Себебі, Әулиеата шыққан жерің.*

*Аман бол Таразымның Азаматы,
Сізге риза қаламның жамағаты.
Денің сау боп, Самиха қарындасым,
Арттыра түс Алланың аманатын.*

Тұралы Мүсірепбеков



Қоңырова Самиха Қоңырқызының өмірбаяны



Қоңырова Самиха Қоңырқызы, 1954 жылы 20 қазан айында Жамбыл облысы Свердлов ауданы Талас өзенінің бойындағы «Красная звезда» ауылында қызметші отбасында өмірге келген. Әкесі - Жексембиев Қоңыр Есімұлы «Красная звезда» ауылдық кеңесінің төрағасы болған, анасы - Жексембиева Мубара Құралқызы дархан даланың төсінде қант қызылшасы алқабында еңбек еткен жан.

1961 жылы ауылдық 8-жылдық мектебінің 1 сыныбына қабылданып, 1971 жылы Жамбыл қаласындағы №5 орта мектебін бітірген.

1971 жылы Алматы медициналық институтының фармация факультетінің провизор мамандығын таңдап оқуға түсті.

Институт бітірген соң өзінің еңбек жолын Жамбыл қаласының №1 дәріханасында химик-аналитик қызметімен бастайды.

Қоңырова Самиха Қоңырқызының Жамбыл медициналық колледжіндегі еңбек жолы 1979 жылдан басталды. Колледжде фармакология пәнінің оқытушысы, акушерия және фармация бөлімдерінің меңгерушісі, директордың орынбасары қызметтерін атқарды.

Сайына қарай
саласы,
Әкесіне қарай
баласы.

Жақсы әкенің
даналығы –
балаға мың
жылдық азық

Әке- асқан тау



Әлемнің жарығын
сыйлаған анашым

Ана – тіршіліктің
қайнар көзі,
Махаббаттың
шуақ күні,
Мейірімнің кәусар
бұлағы.



Дүние құлпырады анаменен.

Ана алақанының аясы —

Ақ шынардың саясы.

Үкілі бесік тербеткен анашым

*“Өлді деуге сия ма, айтыңдаршы,
өлмейтұғын артына сөз қалдырған”*

(Абай)

Отбасы



Жетістіктері



- ✓ "Тараз қаласының құрметті азаматы"
- ✓ "Байзақ ауданының құрметті азаматы"
- ✓ "Денсаулық сақтау ісінің үздігі"
- ✓ "Денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподағының үздігі"
- ✓ "Қазақстан даңқы" ордені
- ✓ "Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 10, 20 жылдығы" мерекелік медальдарының иегері
- ✓ "Еңбек жолындағы тиімділігі үшін" медалінің иегері
- ✓ Педагогика ғылымдарының кандидаты